

Қарақия ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 262 "Сайлаулар кезінде сайлаушылармен кездесуі үшін кандидаттарға шарттық негізде үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 178 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 5 қазанда № 24629 болып тіркелді

Қарақия ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қарақия ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 желтоқсандағы № 262 "Сайлаулар кезінде сайлаушылармен кездесуі үшін кандидаттарға шарттық негізде үй-жайлар беру және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3495 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Қарақия ауданында барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулының 2-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Қарақия ауданы бойынша барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес белгіленсін.";

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қарақия ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қарақия ауданының әкімі

К. Беков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қарақия аудандық аумақтық
сайлау комиссиясы

Қарақия ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 178
Қаулыға қосымша
Әкімдіктің 2017 жылғы 13
желтоқсандағы
№ 262 қаулысына 2 қосымша

Қарақия ауданының аумағында барлық үміткерлердің үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Орналасқан жері
1	Құрық ауылы	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "№ 1 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жанындағы тақта
2	Мұнайшы ауылы	Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Қарақия аудандық Мәдениет үйі" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ауылдық мәдениет үйінің ғимаратының жанындағы тақта
3	Жетібай ауылы	Қарақия аудандық мәдениет, дене шынықтыру және спорт бөлімінің "Қарақия аудандық орталық кітапханасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жанындағы тақта
4	Сенек ауылы	Маңғыстау облысының білім басқармасының Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің "Қашаған Күржіманұлы атындағы жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жанындағы тақта
5	Бостан ауылы	Бостан ауылдық округінің саябақ алаңының жанындағы тақта
6	Құланды ауылы	Құланды ауылдық округінің саябақ алаңының жанындағы тақта
7	Болашақ ауылы	"Қарақия ауданының Болашақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ғимаратының жанындағы стенд